

**"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 шілдедегі № 625 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 303 Жарлығы  
Қазақстан Республикасының Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

**Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 1 шілдедегі № 625 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 32, 332-құжат; № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат; 2011 ж., № 50, 664-құжат) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес туралы ережеде:  
11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Кеңестің жұмыс органы жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ж ұ м ы с о р г а н ы :

1) Кеңестің қызметін ақпараттық-талдау және материалдық-техникалық тұрғыдан қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) ақпаратты жинап-өңдеуді, жастар саясатының іске асырылуын талдауды жүзеге асырады, осы саладағы жұмысты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;

3) Кеңес құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен және ұйымдармен қызметтік хат жазысады;

4) жергілікті атқарушы органдардың жанындағы жастар саясаты мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдардың қызметі туралы үлгі ережені бекітеді;

5) Кеңес қызметін қамтамасыз етуге қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.  
»

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК